Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 және 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 маусымдағы N 987. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

"1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды Жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысында :

көрсетілген қаулыға қосымшада:

II.3 тараушада (кәсіпорындарды жекешелендіру, реформалау және мемлекеттік меншікті нығайту):

реттік номері 39 жолдағы "сәуір" деген сөз "IY тоқсан" деген сөзбен ауыстырылсын;

YII тараудағы "Реформаларды заңдармен қамтамасыз ету" деген реттік саны 112 жолда:

"Медициналық сақтандыру туралы" 4 бағандағы "1997 жылдың қаңтары" деген сөздер "1997 жылдың тамызы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған Заң жобасы жұмыстарының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған Заң жобасы жұмыстарының жоспарында:

реттік номері 18, 36, 39а, 46 жолдар алынып тасталсын;

51а, 55а, 55б, 55в реттік номерлер мынадай жолдармен толықтырылсын:

"51а Мекемелер туралы Әділетмині шілде тамыз
Қаржымині
---------------
Үкімет шешімдерін
әзірлеуді үйлестіру
бөлімі

55а "Медициналық Денсаулықмині, тамыз қыркүйек

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Пре. зидентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Міндетті меди. циналық сақтандыру қоры, Әділетмині ------------------- Үкімет шешімдерін әзірлеуді үйлестіру бөлімі | | |
| 55б | Азаматтық іс жүргізу кодексі | Әділетмині ------------------ Үкімет шешімдерін әзірлеуді үйлестіру бөлімі | тамыз | қыркүйек |
| 55в | Әкімшілік құқық бұзулар туралы кодекс | Әділетмині, Ішкіісмині ------------------ Үкімет шешімдерін әзірлеуді үйлестіру бөлімі | тамыз | қыркүйек |

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК